

«Familyday» отбасылық тәрбиесінің облыстық жобасы

I. Жобаның жалпы ережесі:

Өмір сүру стандарттары өзгеруде, бірақ салауатты тамақтану негіздерін қамтитын СӨС базалық нормалары өзгеріссіз қалады. Мұның бәрі адамның өзіне, оның өмір салтына қалай қарайтынына байланысты: денсаулық жағдайы, өмір сапасы, интеллектуалды даму және өзін-өзі тану мүмкіндігі. Балалар үшін дұрыс тамақтану — бұл физикалық денсаулықтың кепілі, сонымен қатар зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сондықтан мұндай білімді қалыптастыру бала кезінен қажет. Барлық уақытта салауатты ұрпақты тәрбиелеуге көп көңіл бөлінді. Сондықтан өскелең ұрпақтың салауатты өмір салты мен тамақтану әдеттерін қалыптастыру-бұл өз денсаулығына, сондай-ақ қоршаған әлемге ұқыпты қарайтын біздің облысымыздың жас салауатты ұрпағын тәрбиелеу. Осы мақсатта «Familyday» облыстық отбасылық жобасы әзірленді. Үздік жұмыстар «Familyday» облыстық жобасының әдістемелік жинақ сандықшасына енеді.

1.1. Жобаның мақсаттары мен міндеттері:

Конкурстың мақсаты-салауатты өмір салтының алдын алу тәсілі ретінде халықтың дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Мүдделердің ортақтығын дамыту арқылы отбасын біріктіруге жәрдемдесу

Міндеттері:

- халыққа дұрыс тамақтанудың дәмді, алуан түрлі, қолжетімді, толыққанды екенін көрсету;
- пайдалы қасиеттерін барынша сақтай отырып, тамақ өнімдерін дайындау технологиялары туралы халықты хабардар ету;
- ағзаға пайдалы тағамдарды дайындауға арналған рецепттер жиынтығын қалыптастыру.

1.2. Жоба ұйымдастырушылары: «М.М.Катаев атындағы облыстық оқушылар сарайы» КМҚК.

1.3. Жобаға қатысушылар: мектеп, интернат мекемелерінің, балалар үйлерінің 7-18 жас санатындағы оқушылар және олардың ата-аналары.

Мектептерде «Familyday» жобасын өткізуге жауапты педагогтар - сынып жетекшісі, технология мұғалімі.

2. Жобаны өткізу тәртібі:

Жоба қызметінің бағыты: мәдени-сауықтық

Жобаны іске асыру мерзімі: қыркүйек-ақпан-наурыз

Ұйымдастыру кезені: оқу орындарының негізінде - іс-шаралар жоспарын құру, пандемиялық жағдайға байланысты «Familyday» жобасы онлайн режимде өтетіні туралы ата-аналарды хабардар ету, балалар ата-аналарымен

бірге үйде дұрыс тамақтану тағамдарын дайындау туралы бейнероликтер түсіріп дайындайды.

Негізгі кезең:

Іс-шараны өткізу:

1-4 сыныптар:

– 13.09.21ж.-30.09.21ж. Ата-аналармен бірге дұрыс тамақтану тағамдарын дайындау.

5-8-сыныптар:

- 03.02.2022ж.-28.02.2022ж. Ата-аналармен бірге дұрыс тамақтану тағамдарын дайындау.

9-11 сыныптар:

– 14.02.22 ж. - 28.03.22 ж. Жоғары сынып оқушылары дұрыс тамақтануды өздігінен дайындайды.

Қорытынды кезең: Фото, бейнероликтер және әлеуметтік желілерде жариялау туралы сілтемені ұсынылған day-family@mail.ru электрондық мекенжайына жіберу.

Өткізілген іс-шаралар аяқталғаннан кейін жобаға қатысқан барлық білім беру мекемелері «Ағзаға пайдалы тағамдарды дайындауға арналған рецепттер» бейнероликтер жинағын шығарады.

- Тағамның атауы
- Толық рецепті
- Құнарлылығы

3.Жобаға қойылатын талаптар

Жобаға барлық оқушылардың қатысуын қамтамасыз ету. Шығармашылық тәсілді ынталандыру.

3.1.Жұмыстарды рәсімдеу: эстетикалық көрініс.

3.2.Жұмыс мазмұны: дұрыс тамақтану қағидаларына сәйкестігі

3.3. Жұмыстарды бағалау критерийлері:

- позитивтілік (жұмыс дұрыс, пайдалы тамақтанудың артықшылықтарын көрсетіп, оны ұстануға түрткі болуы керек);
- шығармашылық (идеяның жаңалығы, өзіндік ерекшелігі);
- өнімді өңдеу технологиясын сақтау;
- дайын тағамның дәмдік сапасы;
- рецептке кіретін өнімдердің болуы;
- дұрыс тамақтану қағидаларына сәйкестігі;
- шығармашылық безендіру.

4. Жобаның күтілетін нәтижелері:

- Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайту;
- Балаларды дұрыс тамақтануға тарту.

Байланыс телефоны: 65-12-96,87052580314

Жобаның үйлестірушісі: әдіскер Беккожина Бахыт Сагантаевна
day-family@mail.ru